

Бидай бағасы алғандықады

5-бет

Қажылық сапары аяқтықтан қашан арғылады?

6-бет

Қыстың қамын жаз ойла

7-бет

EGEMEN QAZAQSTAN

30 MAUSYIM 2023 ЖЫЛ, ЖҰМА №122 (30601)

Мемлекетшілдік мінбері

www.egemen.kz

E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ

TWITTER.COM/EGEMENKZ

Маңызды келісімдерге қол қойылды



Суретшісі: А. ДИКОМАН, Е. ЖИЛКЕ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға ресми сапармен келген Люксембург Ұлы Герцогтігінің Сыртқы және Еуропа істері жөніндегі министрі Жан Ассельборнды қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Жан Ассельборнға ілтипат білдіре отырып, оның бұл сапары көптеген сала бойынша екіжақты ынтымақтастықты одан әрі дамыту үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашатынын атап өтті.

Мемлекет басшысы Люксембург Премьер-министрі Ксавье Беттельмен БҰҰ Бас Ассамблеясының 77-сессиясы алаңында

өткен келіссөздерін еске алды. – Сол кезде Қазақстан мен Люксембург арасындағы өзара тиімді серіктестікті дамытудың ұзақ мерзімді перспективалары туралы өте табысты әрі мазмұнды әңгіме болды. Қазақстан Сіздің еліңізді және халқыңызды құрметтейді. Біз өзара ынтымақтастығымыздың болашағына сенеміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Кездесу барысында олар көлік және логистика, цифрландыру «жасыл» энергетика саласындағы, сондай-ақ Астана халықаралық қаржы орталығы аясындағы өзара іс-қимыл перспективаларын қарастырды.

Жан Ассельборн екі ел арасындағы қарым-қатынастардың қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті.

– Бүгін таңертең біз өзара түсіністік туралы екі меморандумға қол қойдық. Қазіргі уақытта «Cargolux» Қазақстанға апта сайын 21 рейс жасайтынын білесіз. Сондай-ақ Люксембург мультимодальды хаб саналады. Осыған байланысты Астана әуежайы – біз үшін өте маңызды пункт. Люксембург компаниясы бірлескен осы ірі жобаны жүзеге асыра алатынына ризашылығымды білдіремін. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрімен өзара түсіністік туралы екінші меморандумға қол қойдық, – деді министр.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев пен Жан Ассельборн халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

Әзірет Сұлтан мешітіне барды



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елордадағы Әзірет Сұлтан мешітіне барып, Қазақстан мұсылмандарын Құрбан айт мерекесімен құттықтады. Сонымен қатар құран оқытылып, Мемлекет басшысының атынан құрбандық шалынды.

Президенттің Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерін құттықтауы

Құрметті журналистер! Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Әділетті Қазақстанды құру үшін қоғамда құндылықтар жүйесін жаңғыртып, ұлттың жаңа сапасын қалыптастырудың мән-мағынасы зор. Бұл бағытта еңбекқорлық пен білімпаздықты, адал азаматқа тән қасиеттерді дәріптейтін масс-медиа өкілдері айрықша рөл атқарады.

Бұқаралық ақпарат құралдары азаматтық диалог жүргізудің ашық алаңына айналып, мемлекет пен қоғамның өзара байланысын нығайтуға зор үлес қосып жүр. Еліміздің журналистері озық ой мен

тың идеялардың таралуына дәнекер болып, азаматтарды толғандыратын өзекті мәселелерді көтереді. Сондай-ақ оқиғаларды жан-жақты зерделеп, популизм мен арандатушылыққа тосқауыл болады. Бұл – айрықша маңызды миссия.

Отандық медиа саласы қаламы жүйрік, ойы ұшқыр тілшілер қауымының кәсіби біліктілігі мен күнделікті тынымсыз еңбегінің арқасында дамып келеді. Қазақстан журналистері – өз ісінің хас шеберлері ғана емес, азаматтық ұстанымы берік патриоттар.

Осындай жауапты қызметте әрдайым абырой биігінен көріне беріңіздер!

Баршаңызға зор денсаулық, бақ-береке және шығармашылық табыс тілеймін.

Телефон арқылы сөйлесті

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия Президенті Режеп Тайып Ердоғанмен телефон арқылы сөйлесті.

Екі ел басшылары бір-бірін Құрбан айт мерекесімен құттықтап, Қазақстан мен Түркияның бауырлас халықтарына игілік пен бақ-береке тіледі. Әңгімелесу барысында

сауда-экономикалық, инвестициялық және гуманитарлық салалардағы екіжақты стратегиялық серіктестікті одан әрі дамыту келешегі талқыланды. Сондай-ақ былтыр Қазақстан

Президентінің Анкараға және Түркия Президентінің Астанаға жасаған мемлекеттік сапарлары кезінде қол жеткізілген уағдаластықтарды тиімді жүзеге асыруға баса мән берілді. Сонымен қатар тараптар халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол жүрісін ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. «Жол жүрісі туралы» 2014 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

10) тармақша «велосипедті» деген сөзден кейін «электр самокатты, шағын электр көлігі құралын» деген сөздермен толықтырылсын;

38) тармақшадағы «мопедтер мен» деген сөздер «мопедтерді, электр самокаттарды, шағын электр көлігі құралдарын және» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 53-1) және 57) тармақшалармен толықтырылсын:

(Жалғасы 4-бетте)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сұйытылған газ айналымын реттеу және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне:

1) 116-баптың 3-тармағының 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«10) тауарлық газға және сұйытылған мұнай газына;»;

2) 124-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«124-1-бап. Тауарлық газға және сұйытылған мұнай газына баға белгілеу

(Жалғасы 4-бетте)

ТАҒАЙЫНДАУ

Мемлекет басшысының өкімімен Бақытбек Сапарбекұлы Сыдықов Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары лауазымына тағайындалды.

ХРОНИКА

Мемлекет басшысының өкімімен Руслан Нұрғәліұлы Шпекбаев Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары лауазымынан босатылды.

СҮЙІНШІ!

2 ақпан – Ұлттық басылым күні

Күнгібіміз тағы бір мерекеміз толықты. Отандық баспасөздің бастауындағы «Қазақ» газеті жарық көрген 2 ақпан Ұлттық басылым күні болып бекітілді.

Бұл сүйінші жаңалықты Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі әлеуметтік желідегі парақшасында жариялады. «Бастауында Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатұлы секілді ұлт зиялылары тұрған «Қазақ» газетінің алғашқы саны осыдан 110 жыл бұрын, 2 ақпанда жарық көргені белгілі. Алаш ардақтарының қолтаңбасы қалған газет ұлттық ренессанстың қайнар көзіне айналып, халқымыздың ақыл-ойын, сана-сезімін бөлек арнаға бұрды.

Мемлекет басшысы бұған дейін Қазақ радиосының 100 жылдығы аясында 1 қазанды Радио қызметкерлері күні деп ресми түрде бекіткен еді. Енді міне, журналистер қауымы үшін тағы бір атаулы күн белгіленіп отыр» деп жазды сала басшысы.



2 ШІЛДЕ – ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ

Күмбірле, қоңыр домбыра!

Талай «тар жол, тайғақ кешуден» өткен қазақтың жаныммен де, ділімен де, әнімен де, тілімен де, тарихымен де бірге жасап келе жатқан домбыра қаншама дәуірдің ауа көшіп, қаншама ғасырдың алмасуына куә болды.

Маржан ӘБШ,
«Egemen Qazaqstan»

Жер бетіндегі қаншама ел іргесі сөгіліп, тарихтан ізін жоғалтты. Сансыз тіл бірінен

соң бірі жойылып кете барды. Талай теңіз тартылып, бұлақтар сарқылды. Ал киелі домбыра әлі күнге дейін қазақтың төрінде тұр. Құлдырандап жүгірген әр баласының қолында жүр. Балки,

сол домбыра өзінің қанша мың ғасыр жасағанын білмес. Бірақ оның шаңағынан шыққан қоңыр үн дүние-жалғандағы барша ізгілік пен қиянат атаулыны ішіне жұтқандай тебірене төгіледі. Тіпті, бұл домбыраның тұмыры шексіз бе дейсін.

Иә, қазақ қайда болса, домбыра да сонда.

(Соңы 9-бетте)



ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

EUR/KZT 495.68

USD/KZT 454.13

RUB/KZT 5.22

CNY/KZT 62.69



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол жүрісін ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

(Соңы. Басы 1-бетте)

«53-1) шағын электр көлігі құралы – электр қозғалтқыш бар электр самокаттар мен мопедтерді қоспағанда, электр қозғалтқышпен жабдықталған, жеке жүріп-тұруға арналған, бір немесе бірнеше дөңгелегі бар көлік құралы»; «57) электр самокат – екі немесе үш дөңгелегі бар, электр қозғалтқышты (электр қозғалтқыштарды) пайдалану арқылы бір адамның жүріп-тұруына арналған, орындағы жоқ, ең жоғары конструктивтік жылдамдығы сағатына жиырма бес километрден аспайтын жеке мобильді көлік құралы»; 2) 52-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын: «9) басқа мемлекеттің құзыретті органында тіркелген көлік құралының осы Заңның 65-бабының 3-тармағында көзделген талаптарға сәйкестігін тексеру.»; 3) 57-бап мынадай редакцияда жазылсын: «57-бап. Мопед, электр самокат, велосипед, шағын электр көлігі құралын жүргізушілердің, жол бойымен малды, табынды, жүк артылған, жегілген малды немесе мініс малын айдаушылардың құқықтары мен міндеттері 1. Мопед, электр самокат, велосипед, шағын электр көлігі құралын жүргізушілердің, жол бойымен малды, табынды, жүк артылған, жегілген малды немесе мініс малын айдаушылардың жол жүрісі қағидаларына сәйкес жолдарда жүруге құқығы бар. 2. Мопед, электр самокат, велосипед, шағын электр көлігі құралын жүргізушілер, жол бойымен малды, табынды, жүк артылған, жегілген малды немесе мініс малын айдаушылар үкілетті орган бекіткен жол жүрісі қағидаларын білуге және сақтауға міндетті. 3. Мопед, электр самокат және велосипед жүргізушілердің: 1) ең болмағанда бір қолымен рульден ұстамай жүрінуі; 2) жолаушыларды тасымалдауға арналған арнаулы бейімдемелері бар велосипедтермен және мопедтермен тасымалдауға басқа жолаушыларды тасымалдауына; 3) тасымалдауға арналған арнаулы бейімдемелері бар велосипедтермен және мопедтермен жүкті, сондай-ақ габаритінен ұзындығы немесе ені елу сантиметрден артық

шығып тұрмайтын жүкті тасымалдаудан басқа, жүкті немесе басқаруға кедергі келтіретін жүкті тасымалдауына; 4) трамвай жүретін жолдарда және осы бағытта жүруге арналған бірдеуен астам жолағы бар жолдарда солға бұрылуына немесе кері бұрылуына; 5) мопедпен және велосипедпен пайдалануға арналған тіркелген сүйретулен басқа, мопедтерді, электр самокаттарды және велосипедтерді, сондай-ақ мопедтермен, электр самокаттармен және велосипедтермен сүйретуіне; 6) көлік құралынан түспей, жаяу жүргіншілер өткелімен жолдың жүру бөлігін кесіп өтуіне; 7) жол жүрісі қағидаларында айқындалған талаптарға сәйкес келетін, басқа көлік құралын жүргізушілерге көрінуді қамтамасыз ететін жарық шағылыстыратын затсыз жолдың жүру бөлігінде тәуліктің қараңғы уақытында жүріп-тұруына; 8) жолдың жүру бөлігінде басқаруы кезінде түймеленген шлемсіз болуына тыйым салынады. 4. Мопед жүргізушілердің велосипед жолымен, велосипед жүретін жолақпен, жол жиегімен, тротуармен немесе жаяу жүргіншілер жолымен жүруіне тыйым салынады. 5. Электр самокат жүргізушілер велосипед жолымен, велосипед жүретін жолақпен жүреді. Электр самокат жүргізушілер велосипед жолы, велосипед жүретін жолақ болмағанда кезде: осы тармақтың екінші бөлігінде белгіленген талаптарға сәйкес, жолдың жүру бөлігінің оң жақ шетімен, оның ішінде маршруттық көлік құралдарына арналған жолақпен бір қатарда; жол жиегімен; жаяу жүргіншілердің жүрісіне қауіп төндірмей, сағатына алты километрден аспайтын жылдамдықпен тротуармен немесе жаяу жүргіншілер жолымен жүреді. Оң сегіз жасқа толмаған электр самокат жүргізушілердің өзімен бірге жүргізушінің жеке басын қуаладыратын құжаты болған жағдайда, Қазақстан Республикасында берілгендерін қоспағанда, кез келген санаттағы көлік құралын басқару құқығына арналған жүргізуші куәлігінсіз не көлік құралын басқару құқығына арналған жүргізуші куәлігінің орнына берілген уақытша куәліксіз жолдың жүру бөлігінің оң жақ шетімен, оның

ішінде маршруттық көлік құралдарына арналған жолақпен жүруіне жол берілмейді. 6. Велосипед жүргізушілер – велосипед жолымен, велосипед жүретін жолақпен, ал олар болмаған кезде жолдың жүру бөлігінің оң жақ шетімен, оның ішінде маршруттық көлік құралдарына арналған жолақпен бір қатарда не жол жиегімен, тротуармен немесе жаяу жүргіншілер жолымен жаяу жүргіншілердің жүрісіне қауіп төндірмей жүреді. 7. Шағын электр көлігі құралын жүргізушілердің: 1) рульсіз шағын электр көлігі құралдарын қоспағанда, ең болмағанда бір қолымен рульден ұстамай жүргізуіне; 2) жолаушыларды тасымалдауына; 3) жүкті тасымалдауына; 4) жолдың жүру бөлігімен жүруіне; 5) жанында велосипед жолы, велосипед жүретін жолақ болған кезде тротуармен немесе жаяу жүргіншілер жолымен жүруіне; 6) шағын электр көлігі құралдарын, шағын электр көлігі құралдарымен сүйретуіне; 7) шағын электр көлігі құралынан түспей, жаяу жүргіншілер өткелімен жолдың жүру бөлігін кесіп өтуіне тыйым салынады.»; 4) мынадай мазмұндағы 70-1-бапмен толықтырылсын: «70-1-бап. Көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерді, жүргізуші куәліктерін және мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін дайындау саласындағы мемлекеттік монополия 1. Осы Заңның 70-бабында және 73-бабының 7-тармағында көрсетілген құжаттарды дайындау, құжаттарды дайындау жүйесінің интеграцияланған деректер банкі қинақтау және жүргізу жөніндегі, процестерді есепке алу, ішкі істер органдарына арналған бағдарламалық-техникалық өнімдерді әзірлеу, ендіру және қолдап отыру жұмысын автоматтандыру жөніндегі қызмет мемлекеттік монополияға жатады және оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын жүзеге асырады. 2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын көрсететін, осы

Занның 70-бабында және 73-бабының 7-тармағында көрсетілген құжаттарды жеделдетіп дайындау және беру жөніндегі қызметтерге бағалар преискурантын монополияға қарсы органның келісуі бойынша үкілетті орган бекітеді.»; 5) 73-бапта: мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын: «1-1. Осы Заңның 57-бабы 5-тармағының екінші бөлігінде белгіленген талаптарға сәйкес келетін адамдар жолдың жүру бөлігінің оң жақ шетімен, оның ішінде маршруттық көлік құралдарына арналған жолақпен электр самокаттарды басқаруға жіберіледі.»; 5-тармақтағы «көлік құралын басқару құқығына уақытша рұқсатпен» деген сөздер «көлік құралын басқару құқығына арналған жүргізуші куәлігінің орнына берілген уақытша куәлікпен» деген сөздермен ауыстырылсын; 6) 75-баптың 1-тармағында: бірінші бөлік мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын: «5) механикалық көлік құралын жүргізушілерді даярлау, емтихандар қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларын бұза отырып, жүргізуші куәлігін беру.»; екінші бөліктегі «және 3») деген сөздер «3 және 5)» деген сөздермен ауыстырылсын. 2. «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына: 3-қосымша мынадай мазмұндағы 43-1-тармақпен толықтырылсын: «43-1. Көлік құралын жүргізушілерді даярлау жөніндегі оқу ұйымында қызметінің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама». 2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағының 4) тармақшасын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2023 жылғы 29 маусым
№ 12-VIII ҚРЗ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сұйытылған газ айналымын реттеу және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

1. Мемлекет Қазақстан Республикасының газ және газбен жабдықтау туралы заңнамасына сәйкес тауарлық газға және сұйытылған мұнай газына бағаларды реттейді. 2. Газды өндіруді, тасымалдауды (тасуды), сақтауды және көтерме саудада өткізуді, сондай-ақ тауарлық газды және сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізуді және тұтынуды мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган тауарлық газды ішкі нарықта көтерме саудада өткізудің шекті бағаларын, сондай-ақ сұйытылған мұнай газын өнім беру жоспары шеңберінде тауар биржаларынан тыс көтерме және бөлшек саудада өткізудің шекті бағаларын табиғи монополиялар салаларында басшылықта жүзеге асыратын үкілетті органның келісуі бойынша өзі айқындаған жағдайларда және тәртіппен белгілейді. 3. Тауарлық газды немесе сұйытылған мұнай газын өнім беру жоспары шеңберінде өткізуді жүзеге асыратын тұлғалар белгіленген шекті бағаларды асырып жібермеуге міндетті.». 2. «Газ және газбен жабдықтау туралы» 2012 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына: 1) 1-бапта: 18) және 28-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын: «18) газ толтыру пункті – сұйытылған мұнай газын сақтауға, тұрмыстық баллондарға қотару мен құюға, сондай-ақ тұрмыстық баллондарды жөндеуге және кәдеге жаратуға арналған инженерлік құрылысжай»; «28-1) мұнай-газ-химия өнімдері – химиялық процесстерді жүзеге асыру арқылы көмірсутек шикізатынан алынатын және дайын өнім немесе кейіннен химиялық түрлендіру үшін шикізат ретінде пайдаланылатын өнім»; мынадай мазмұндағы 31-1) және 34-1) тармақшалармен толықтырылсын: «31-1) сұйытылған мұнай газын өндірушінің өндірістік объектісі – көмірсутек шикізатын қабылдауға, Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін сұйытылған мұнай газын өндіруге, сақтауға, қотаруға, құюға, айдауға, тасымалдауға, тиіп-жөнелтуге және өткізуге арналған технологиялық жабдықты, резервуарлық парктер, сұйытылған мұнай газын автомобиль, сондай-ақ теміржол (бар болған кезде) арқылы құю эстакадаларын, техникалық құрылыстар мен коммуникацияларды қамтитын ғимараттар мен құрылысжайлар кешені»; «34-1) тауарлық газды, сұйытылған мұнай газын және (немесе) сұйытылған табиғи газды өндіру – тауарлық газды, сұйытылған мұнай газын және (немесе) сұйытылған табиғи газды алуды қамтамасыз ететін, көмірсутек шикізатын және (немесе) оны қайта өңдеу өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі жұмыстар кешені»; 36) тармақша мынадай редакцияда жазылсын: «36) топтық резервуарлық қондырғы – ыдыстар тобынан, сақтандыру-бекіту және реттеу арматурасынан, газ құбыржолдарынан тұратын және сұйытылған мұнай газын сақтауға және газ тұтыну жүйелеріне беруге арналған инженерлік құрылысжай»; 2) 6-бапта: 7) және 18-5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын: «7) тауарлық газды ішкі нарықта көтерме саудада өткізудің, сұйытылған мұнай газын Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын беру жоспары (бұдан әрі – өнім беру жоспары) шеңберінде тауар биржаларынан тыс көтерме және бөлшек саудада өткізудің шекті бағаларын, сондай-ақ оларды белгілеу қағидаларын бекітеді»; «18-5) өнім беру жоспары шеңберінде тауар биржаларынан тыс бөлінген сұйытылған мұнай газын бөлу жөніндегі комиссия туралы үлгілік ережені әзірлейді және бекітеді»; мынадай мазмұндағы 18-7) және 18-8) тармақшалармен толықтырылсын: «18-7) сұйытылған мұнай газын есепке алу аспаптарының көлемдік көрсеткіштерін массалық көрсеткіштерге ауыстырудың өңірлік коэффициенттерін есептеу және сұйытылған мұнай газын жылдық тауар жүйелерінің объектілерін пайдалану кезіндегі ысырапты есептеу әдістемесін әзірлейді және бекітеді; 18-8) өнім беру жоспары шеңберінде тауар биржаларынан тыс бөлінген сұйытылған мұнай газын бөлу қағидаларын әзірлейді және бекітеді.»; 3) 7-бапта: 2-тармақ мынадай мазмұндағы 2-2) тармақшамен толықтырылсын: «2-2) газ толтыру станциялары, газ толтыру пункттері, автогаз құю станциялары иелерінің және өнеркәсіптік

тұтынушылардың – қысыммен жұмыс істейтін түтіктерді сұйытылған мұнай газын сақтау үшін пайдаланатын олардың иелерінің тізілімін жүргізеді және өзінің интернет-ресурсында жариялайды.»; 4-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: «1) тауарлық газды ішкі нарықта көтерме саудада өткізудің, сұйытылған мұнай газын өнім беру жоспары шеңберінде көтерме және бөлшек саудада өткізудің шекті бағаларын, сондай-ақ оларды белгілеу қағидаларын келіседі.»; мынадай мазмұндағы 4-2-тармақпен толықтырылсын: «4-2. Мемлекеттік кіріс органы үкілетті органға сұйытылған мұнай газының айналымы туралы ақпарат береді.»; 5-тармақта: 1-2) және 1-3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын: «1-2) өнім беру жоспары шеңберінде тауар биржаларынан тыс бөлінген сұйытылған мұнай газының көлемдерін бөлуді үкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырады; 1-3) сұйытылған мұнай газының көлемдерін бөлу жөніндегі комиссиялар құрады»; мынадай мазмұндағы 1-4), 1-5), 1-6) және 6-4) тармақшалармен толықтырылсын: «1-4) сұйытылған мұнай газының көлемдерін бөлу жөніндегі комиссия туралы ережелерді әзірлейді және бекітеді; 1-5) тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың алдағы тоқсанға сұйытылған мұнай газына деген қажеттілігін айлағға бөле отырып, үкілетті органға тоқсан сайын береді; 1-6) топтық резервуарлық қондырғылар иелерінің тізілімін жүргізеді және интернет-ресурста жариялайды.»; «6-4) сұйытылған мұнай газын есепке алу аспаптарының көлемдік көрсеткіштерін массалық көрсеткіштерге ауыстыру коэффициенттерін бекітеді.»; 4) 10-бапта: 3-тармақта: 5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын: «5) өздеріне меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде тиесілі газ толтыру станцияларының, газ толтыру пункттерінің, топтық резервуарлық қондырғылардың және автогаз құю станцияларының осындай объектілерді пайдалануды жүзеге асыратын иелері»; мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын: «Нақ сол тұлға бір мезгілде нақ сол газ толтыру станциясының, газ толтыру пунктінің, топтық резервуарлық қондырғының және (немесе) автогаз құю станциясының иесі бола алады.»; 4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «4. Үкілетті орган сұйытылған мұнай газын өндірушілерді есепке алуды жүргізеді және олардың тізбесін өзінің интернет-ресурсында жариялайды.»; мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын: «5. Мыналарға: 1) екі және одан көп жеке және (немесе) заңды тұлғаның бір мезгілде нақ сол газ толтыру станцияларын пайдалануына; 2) газ толтыру станциялары мен газ толтыру пункттері иелерінің сұйытылған мұнай газын сақтауға, қотару мен құюға арналған технологиялық өзара байланысты өндірістік және өзге де объектілерді, инженерлік құрылысжайларды үшінші тұлғаларға иеленуге және (немесе) пайдалануға беруіне тыйым салынады.»; 5) 17-баптың 4-тармағының 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: «6) сұйытылған мұнай газын өнімді бөлу туралы келісім (келісімшарт) не Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде өндіруді жүзеге асырған, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 722-бабының 1-тармағына сәйкес салық режимінің тұрақтылығына не жер қойнауын пайдаланушылардан тікелей сатып алынған сұйытылған мұнай газының меншік иелерінің өткізуіне жол беріледі.»; 6) 19-баптың 4-тармағы «жүзеге асыратын» деген сөздерден кейін «газ толтыру станциясының» деген сөздермен толықтырылсын; 7) 20-бапта: 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «1. Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында тауарлық газды ішкі нарықта көтерме саудада өткізудің шекті бағаларын және сұйытылған мұнай газын өнім беру жоспары шеңберінде көтерме және бөлшек саудада өткізудің шекті бағаларын белгілеу қағидаларында айқындалған жағдайларда және тәртіппен

Қазақстан Республикасында тауарлық газды ішкі нарықта көтерме саудада өткізудің шекті бағаларын, сондай-ақ сұйытылған мұнай газын өнім беру жоспары шеңберінде тауар биржаларынан тыс көтерме және бөлшек саудада өткізудің шекті бағаларын мемлекеттік реттеу белгіленуі мүмкін.»; 5-тармақ алып тасталсын; мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын: «5-1. Сұйытылған мұнай газын көтерме және бөлшек саудада өткізудің шекті бағаларының деңгейі өнім беру өңіріне және оны сатып алуды жүзеге асыратын сұйытылған мұнай газымен жабдықтау жүйелері субъектілерінің санатына қарай айқындалуы мүмкін.»; 8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «8. Тауарлық газды ішкі нарықта немесе сұйытылған мұнай газын өнім беру жоспары шеңберінде өткізуді жүзеге асыратын тұлғалар белгіленген шекті бағаларды асырып жібермеуге міндетті.»; 8) 26-баптың 2-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: «4) сұйытылған мұнай газын өнімді бөлу туралы келісім (келісімшарт) не Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде өндіруді жүзеге асырған, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 722-бабының 1-тармағына сәйкес салық режимінің тұрақтылығына не жер қойнауын пайдаланушылардан тікелей сатып алынған сұйытылған мұнай газының меншік иелері жүзеге асыруға құқылы.»; 9) 27-бапта: 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «1. Сұйытылған мұнай газын көтерме саудада өткізуді: 1) сұйытылған мұнай газының өндірістік объектілерінің меншікті құю эстакадалары арқылы – сұйытылған мұнай газын өндірушілер; 2) сұйытылған мұнай газын өндірушілердің өндірістік объектілерінің құю эстакадалары арқылы – өздеріне меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде тиесілі көмірсутек шикізатын қайта өңдеу процесінде өндірілген сұйытылған мұнай газының меншік иелері; 3) Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерде өндірілген және Қазақстан Республикасының аумағына тұтыну үшін әкелінген сұйытылған мұнай газының меншік иелері; 4) сұйытылған мұнай газы топтық резервуарлық қондырғылардың, газ толтыру пункттерінің және (немесе) автогаз құю станцияларының иелеріне өткізілген жағдайда – газ толтыру станциялары арқылы осындай газ толтыру станцияларының иелері; 5) сұйытылған мұнай газын өнімді бөлу туралы келісім (келісімшарт) не Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде өндіруді жүзеге асырған, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 722-бабының 1-тармағына сәйкес салық режимінің тұрақтылығына не жер қойнауын пайдаланушылардан тікелей сатып алынған сұйытылған мұнай газының меншік иелері жүзеге асыруға құқылы.»; Өзге тұлғалар сұйытылған мұнай газын көтерме саудада өткізуді жүзеге асыруға құқылы емес.»; 3-тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: «3) сұйытылған мұнай газын өнімді бөлу туралы келісім (келісімшарт) не Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде өндіруді жүзеге асырған, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 722-бабының 1-тармағына сәйкес салық режимінің тұрақтылығына не жер қойнауын пайдаланушылардан тікелей сатып алынған сұйытылған мұнай газын автогаз құю станцияларымен жарактандырылуға тиіс.»; 10) 27-1-бап мынадай редакцияда жазылсын: «27-1-бап. Сұйытылған мұнай газын өнім беру жоспары шеңберінде Қазақстан Республикасының ішкі нарығында өткізу 1. Қазақстан Республикасы ішкі нарығының сұйытылған мұнай газына деген қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында үкілетті орган өзі айқындайтын тәртіппен өнім беру жоспарын қалыптастыру және оны өзінің интернет-ресурсында жариялайды.

Өнім беру жоспары үкілетті органның ақпараттық жүйесі арқылы қалыптастырылады. 2. Өнім беру жоспарында мыналар көрсетіледі: 1) сұйытылған мұнай газын өндірушілердің атауы және олар мәлімдеген сұйытылған мұнай газын өндіру көлемдері; 2) сұйытылған мұнай газын әрбір өндіруші облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тиісті жергілікті атқарушы органы бекіткен бөлуге сәйкес Қазақстан Республикасының тиісті әкімшілік-аумақтық бірлігіне (бірліктеріне) беруге міндетті болатын сұйытылған мұнай газының көлемдері; 3) Қазақстан Республикасының тауар биржалары туралы заңнамасына сәйкес тауар биржалары арқылы Қазақстан Республикасының ішкі нарығында өткізілуі міндетті сұйытылған мұнай газының көлемдері. 3. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының үкілетті орган айқындайтын тәртіппен өнім беру жоспары шеңберінде бөлінген сұйытылған мұнай газының көлемдерін бөлуді бекітеді, оны өзінің интернет-ресурсында жариялайды және үкілетті орган мен сұйытылған мұнай газын өндірушілерге жібереді. 4. Өздеріне меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде тиесілі көмірсутек шикізатын қайта өңдеу процесінде өндірілген сұйытылған мұнай газының көлемдерін бөлуді бекітеді, оны өзінің интернет-ресурсында жариялайды және үкілетті орган мен сұйытылған мұнай газын өндірушілерге жібереді. 5. Осы баптың 4-тармағында аталған тұлғалар өнім беру жоспары шеңберінде тауар биржаларынан тыс өткізетін сұйытылған мұнай газын сатып алу құқығына өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы үкілетті органның және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының тізілімдеріне енгізілген: 1) газ толтыру станцияларының иелері – топтық резервуарлық қондырғылардың, газ толтыру пункттерінің және автогаз құю станцияларының иелеріне кейіннен көтерме саудада өткізі, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндіру үшін өнеркәсіптік тұтынушыларға тұрмыстық баллондарда бөлшек саудада өткізу және (немесе) өздеріне меншік құқығында және (немесе) өзге де заңды негіздерде тиесілі топтық резервуарлық қондырғылар, газ толтыру пункттері және автогаз құю станциялары арқылы бөлшек саудада өткізу үшін қажетті көлемдерде; 2) қоғамдық маңызы бар нарықтардың субъектілері болып табылатын топтық резервуарлық қондырғылардың иелері – өздерінің технологиялық шикілардына сәйкес осындай топтық резервуарлық қондырғылар арқылы тұрмыстық және коммуналдық-тұрмыстық тұтынушыларға кейіннен бөлшек саудада өткізу үшін қажетті көлемдерде; 3) газ толтыру пункттерінің иелері – тұрмыстық баллондарда кейіннен бөлшек саудада өткізу үшін қажетті көлемдерде; 4) автогаз құю станцияларының иелері – көлік құралдарына құю арқылы тұтынушыларға осындай автогаз құю станциялары арқылы кейіннен бөлшек саудада өткізу үшін қажетті көлемдерде; 5) сұйытылған мұнай газын мұнай-газ-химия өнімдерін өндіру үшін шикізат ретінде пайдаланатын өнеркәсіптік тұтынушылар мұнай-газ-химия өнімдерін өндіру кезінде шикізат ретінде пайдалану үшін қажетті көлемдерде ие болады. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 5) тармақшасында аталған тұлғаларға беру мақсаттары үшін пропан-пропилен және (немесе) бутан-бутилден фракциялары да сұйытылған мұнай газы деп табылады. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 5) тармақшасында аталған тұлғалардың тізбесін үкілетті орган бекітеді. 6. Осы баптың 5-тармағының бірінші бөлігінде аталған сұйытылған мұнай газын одан әрі өткізу мақсаттары үшін өнім беру жоспары шеңберінде сатып алуды жүзеге асырған тұлғалар сатып алынған сұйытылған мұнай газын өнім беру жоспары шеңберінде бөлінген облыс, республикалық маңызы бар қала, астана аумағы шегінде ғана өткізуге міндетті. 7. Сұйытылған мұнай газының көлемдерін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың алушылары арасында бөлу кезінде сұйытылған мұнай газын: 1) топтық резервуарлық қондырғылар арқылы; 2) тұрмыстық баллондарды есепке алу жүйелері берген бірегей кодтары бар тұрмыстық баллондарда; 3) автогаз құю станциялары арқылы кейіннен бөлшек саудада өткізу мақсаттары үшін беруге арналған өтімдердің орындалуына басымдық беріледі.

(Соңы 5-бетте)